



# Magjan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 20 (819) 16 мамыр 2024 жыл

[www.facebook.com/Magzhan\\_zhuldizi](http://www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi)

[https://vk.com/Magzhan\\_zhuldizi](https://vk.com/Magzhan_zhuldizi)

e-mail: [magzhan.zhuldizi@yandex.kz](mailto:magzhan.zhuldizi@yandex.kz)

ЕГІС - 2024

ЖҰМЫС САПАРЫ

Биыл Солтүстік Қазақстан облысында 4,5 млн га алқапқа егін егу жоспарда бар. Оның ішінде 3,4 млн га дәнді дақылдарға, 751 мың га майлы дақылдарға және 379 мың га мал азықтық дақылдарға бөлінеді. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін СҚО шаруалары қарақұмық алқабын 26 мың гектарға дейін, жасымық алқабын 133,9 мың гектарға дейін ұлғайтады. Картоп егуге 26 мың га жер бөлінеді. Бүгін облыс әкімі Фауез Нұрмұхамбетов Премьер-Министрге СҚО егін науқанына толық дайын екендігін айтты.

## ОБЛЫСТА ЕГІС НАУҚАНЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУҒА 62 МЛРД. ТЕҢГЕ БӨЛІНГЕН

Облыста техника 100% дайын. Биыл Солтүстік Қазақстан облысының алқаптарына барлығы 12,7 мың трактор, 14 мың бірлік астық сепкіш және 1,4 мың егін кешені тартылады. Осы жылы өңір шаруалары 14 млрд теңгеге 525 техника мен құрал сатып алып, автопарктері жаңартты.

«Солтүстік Қазақстан облысында көктемгі дала жұмыстарын қаржыландыруға 62 млрд теңге, оның ішінде «Кең Дала» бағдарламасы бойынша – 22 млрд теңге, «Азық-түлік корпорациясы» АҚ форвардтық сатып алу бағдарламасы бойынша – 14 млрд теңге, «ҚазАгроқаржы» АҚ желісі бойынша – 26 млрд теңге қарастырылған», – деді СҚО әкімі.

Үкіметтің шешімі бойынша облыс шаруаларын қолдауға қосымша 84 млрд теңге бөлінді. Фермерлерге «Кең Дала – 2» бағдарламасы бойынша, 5% пайыздық мөлшерлеменен және «Даму» қорының кепілдігімен несие беріледі.

СҚО әкімі Премьер-Министрге Мемлекет басшысының сапалы тыңайтқыштар өндіру және енгізу есебінен өнімділікті арттыру бойынша алға қойған міндеттерін орындау барысы туралы баяндады. Биыл облыс шаруалары топыраққа 256 мың тонна минералды тыңайтқыш енгізуді жоспарлап отыр, бұл 2023 жылдағы көрсеткішпен салыстырғанда 65,8 мың тоннаға артық. Бүгінгі таңда 246,2 мың тонна тыңайтқышқа шарттар жасалып, 204,6 мың тоннасы тиіп-жөнелтілді.

## ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН ЖАБДЫҚТАУ ҮШІН 68 МЛРД. ТЕҢГЕГЕ КЕШЕНДІ ЖОСПАР ӘЗІРЛЕНДІ

Үкімет 2023-2027 жылдары Орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық жарақтандырылуын нығайту бойынша жалпы сомасы 68 млрд теңгеден асатын Кешенді жоспар қабылдады. Бұл туралы Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев айтты берді.

«Өткен жылы министрліктің табиғат қорғау ұйымдары үшін шамамен 9 млрд теңгеге 25 өрт сөндіру автокөлігі, 51 шағын өрт сөндіру кешені, 154 трактор, 73 патрульдік автокөлігі және 655 өртке қарсы жабдықтар сатып алынды. Әкімдіктер 6,6 млрд теңгеге 20 өрт сөндіру автокөлігін, 127 трактор мен 76 патрульдік автокөлікті сатып алды. Бұған дейін орман шаруашылығын материалдық-техникалық жарақтандыруға мұндай қаржы көлемі бөлінбеген», – деді Е. Нысанбаев Үкімет отырысында.

Министрдің айтуынша, мемлекеттік орман иеленушілері жаңа техниканы сатып алуына қарамастан қолда бар техниканың тозу проценті жоғары.

Мәселен, өрт сөндіру машиналары бойынша 72%, тракторлар бойынша – 50% және патрульдік автокөліктер бойынша – 55% тозу байқалады.

«Биыл Кешенді жоспар аясында материалдық-техникалық жарақтандыру жұмыстары жалғасады. Бұл мақсаттарға жергілікті бюджеттен 3,8 миллиард теңге, министрліктің табиғатты қорғау мекемелері үшін 15,4 миллиард теңге бөлінді», – деді Экология министрі.

Айта кетейік, өткен жылы 116 мың гектардан астам орман қоры өртеніп кетті. Биыл да аптап ыстық пен құрғақшылық болжанып отыр.

## ҚАЗІРГІ МӘСЛИХАТҚА ЖҮКТЕЛГЕН ЖҮК – БАҚЫЛАУ



15 мамыр күні облыстық мәслихат депутаттары Сәуле Сүрағанова, Есжан Оразалин және Евгений Мишель жұмыс сапарымен Мағжан Жұмабаев ауданына келіп, бірқатар нысандарды аралады.

Қазіргі мәслихатқа жүктелген жүк – бақылау. Сондықтан халық қалаулылары мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражаттарды толық игерілуін бақылап, жұмыстардың сапалы орындалуын тексереді. Осы мақсатта олар Бейтерек ауылына өткен жылы жасалған кіре-беріс жолдың орташа жөндеуін байқап көрді. Бас мердігер - «Магистраль - СК» ЖШС, ал мемлекет 0,8 шақырымды жөндеуге 45,8 млн. теңге сомасында қаражат бөлген. Сонымен қатар, Бейтерек ауылының кентшілік жолдарын жөндеуге 127,5 млн. теңге жұмсалған. Мердігер ұйым - «Коммуналстрой» ЖШС.

Келесі нысан – Ганькино ауылына кіре-беріс жол. Бұл 2,8 шақырым жолды жөндеуге былтыр 159,3 млн. теңге бөлінген екен. Ал аудандық маңызы бар Новотроицкое ауылына кіре-беріс жолына 111,7 млн. теңге сомасы бөлініп, 2,24 шақырым жол жөндеген.

Октябрьское ауылына кіре-беріс жолда депутаттар «Булаево-Октябрьское-Конюхово-Куломзино» аудандық маңызы бар автомобиль жолын тексерді. Бас мердігер - «Кокшетауавтотдор» ЖШС. Бөлінген қаражат 1,5 млрд. теңге.

Булаев қаласының көшелері соңғы жылдары біраз жаңарып

қалды. Бірқатар көшелер жөндеуден өтті. Биыл Пушкин, Энергетиков көшелерін жөндеу жұмыстары басталып кетті.

Облыстық мәслихат депутаттары бұл күні сапар барысында 2,1 шақырым болатын Полтавка ауылына кіре-беріс жолды, Жастар ауылындағы су тарту және су құбыры алаңдарының құрылысын, Жастар мен Сарытомар ауылының арасындағы жөнделген жолды, Советское ауылындағы құрделі жөндеуден өткен Мәдениет үйін байқап, бөлінген сомалар мен атқарылған жұмыстарды көріп қайтты.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

## 20 МАМЫРДАН БАСТАП МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТҚА ӨТІНІМДЕР ҚАБЫЛДАНАДЫ



МЕМЛЕКЕТТІК  
ГРАНТТАР

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Ағымдағы жылдың 20 мамырынан бастап кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде мемлекеттік грант алуға өтінімдер қабылдана бастайтынын хабарлаймыз. Өтінімді Бастау Бизнес сертификатымен ЭЦҚ пайдалану арқылы [www.business.enbek.kz](http://www.business.enbek.kz) сайтында

тапсыруға болады. Өтінімдер 2024 жылдың 30 мамырына дейін қабылданады. Сертификат болмаған жағдайда [Enbek.kz](http://Enbek.kz) порталына тапсырыс беріп, оқуды онлайн етуге болады.

Мемлекеттік грант алуға үміткерлер:  
- атуалы әлеуметтік көмек алушылар;  
- отбасылық жәрдемақы алушылар;  
- асыраушысынан айырылған жағдайда жәрдемақы алушылар;  
- қоныс аударушылар, қандастар;  
- мүгедек тұлғалар;  
- мүгедек балаларды асыраушы тұлғалар (мүгедек балалар).

Грантқа өтінім берген жағдайда жоғарыда көрсетілген барлық санаттағы тұлғалар жұмыссыз ретінде немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі қажет, мемлекеттік тіркеу мерзімі кем дегенде үш жыл болмауы тиіс.

Қосымша ақпарат алу үшін Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А үй, 13 кабинет мекен жайы бойынша хабарласуға болады. Ақпарат үшін телефон 2-81-54.

Мағжан Жұмабаев ауданының  
мансап орталығы.



МЕРЕКЕ МӨЗЕТІ

# АУДАНДА ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ ТӨЙЛАНДЫ



Жеңіс күні — абырой мен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік сұм соғыста Жеңіске жеткізді. 9 мамыр — мереке ғана емес, бұл халықтың батырлығы, бұл жанкештілігімен жеңіске жету жолындағы ерен еңбек. Әсіресе, бұл мерекені екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауырталығын өз мойнымен көтеріп, Отан үшін өткізіп, соғыстың қанға бөккен даласында қайсарлықпен шайқасқан, Жеңістің туын желбіреткен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін ерекше мейрам.

Ұлы Жеңістің 79-жылдығына арналған мерекелік шара Булаев қаласының орталық алаңында орналасқан Жеңіс жауынгері ескерткішінің алдында өтті. Жыныс аудан әкімі Қайрат Омаров бастаған аудан активі, еңбек пен тыл ардагерлері және аудан тұрғындары қатысты.

Құрметті мағжандықтар! Сіздерді Ұлы мереке - Жеңіс күнімен құттықтаймын!

Отанымыздың бостандығы үшін майданда да, тылда да асқан ерлікпен күресіп, Жеңіске жеткен батырларымыз мың алғысқа, абырой мен даңққа ие.

Біздің бақытты болашағымыз бен бейбіт өміріміз үшін өз өмірлерін қиған батырларымыз жүрегімізде, жадымызда мәңгілікке сақталады.

Баршаңызға денсаулық пен бақыт, жақсылық, бейбітшілік пен амандық тілеймін, - деді Қайрат Қайроллаұлы.

Мұнан соң майдан даласында қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алған мағжандықтар қаза тапқан батыр бабаларына тағзым етіп, гүл шоқтарын қою рәсіміне көшті. Шарадан соң аудан әкімі Қайрат Омаров, Булаев қаласының әкімі Азамат Қыраубаев, аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов, тыл ардагері Алим-Ида Мақкевичтің үйіне барып, хал-жағдайын сұрап, мерекемен құттықтады.



## АНА - ӨМІР ШУАҒЫ

Қазақстан Республикасындағы мерекелер күндерінің тізбесі «Аналар күні» мерекесімен толықтырылды. 2024 жылы бұл мереке Қазақстанда 12 мамыр күні алғаш рет аталып өтті.

Айтулы мерекеге орай аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов, аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов, Булаев қаласының әкімі Азамат Қыраубаев көпбалалы ана, ақ жаулықты әже Шолпан Асқароваға барып, мерекемен құттықтады.

Шаттығы жарасып, салт-дәстүрді насихаттап жүрген іргетасы мықты, көрегені көң, енегелі шаңырақтар қашанда жастарға үлгі болулары керек. Міне, біздер осы мақсатта көп балалы, алтын құрсақты аналарға барып, мерекеге орай

сый-сияпатымызды апарып, жылы лебізімізді білдіреміз. Мерекенің де маңызы осы да. Көпке өнегелі ісімен, ортада күйелі сөзімен қашанда өзіндік орны бар аналардың орындары айрықша маңызды. «Балалап уада не көрсө, ұшқанда соны іледі» дегендей, шаңырағының ұйытқысы бола білген аналар балаларына қолынан келгенше жақсылықты үйретіп, үлкенге қашанда құрметпен, кішіге қамқорлықпен қарауды айтудан жалыққан емес, - деді құрметті кәйімздар.

Өз кезегінде I, II, III дәрежелі «Ана даңқы» ордендерінің иегері, «Алтын алқа» алқасымен марапатталған ақ жаулықты батыр ана мерекемен құттықтап келген жандарға ризашылық сезімін білдіріп, алғысын жаудырды.

### ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚҚА НӨЛДІК ТӨЗІМДІЛІК

## «ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП» ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ



Мамыр айының 10-20-сы аралығында Петропавл станциясындағы ЖПБ қызмет атқаратын аумақта «Құқықтық тәртіп» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде. «Құқықтық тәртіп» ЖПБШ мақсаты - жедел жағдайды сауықтыру, теміржол және ауе келігі объектілеріндегі құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу.

Жалпы шара басталғалы үш күн ішінде Петропавл ст. ЖПБ ӘПБ қызметкерлері 37

әкімшілік құқықбұзушылықтар анықтады. Атап айтқанда, қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдік ішу бойынша -2 факті тіркелініп, ҚРӘҚБТК-нің 440 бабының 1 бөлігі бойынша №16 «Петропавл-Алматы» бағытындағы жолаушылар поезының №12 вагон-купесінде «сыра» ішімдігін ішіп отырған екі азаматқа 9230 теңгеден әрқайсысына айыппұл салынып, жеке басын анықтайтын құжаттарыныңсыз тұрып жатқаны үшін құқық бұзған 3 азаматқа қатысты ҚРӘҚБТК-нің 492 бабының 1 бөлігімен айыппұл салынып хаттама толтырылды, темір жол бойын белгіленбеген жерден өту бойынша - 30 факті тіркелініп, ҚРӘҚБТК-нің 559 бабының 5 бөлігімен азаматтарға ескерту берілді, ҚРӘҚБТК-нің 442 бабының 2 бөлігімен - 1 құқық бұзушылық анықталып, ал ҚРӘҚБТК-нің 517 бабының 4 бөлігі бойынша көші-қон заңнамасын бұзған -1 факті тіркелініп,

Петропавл станциясындағы ЖПБ ӘПБ қызметкерлері қала тұрғындарына барлық құқық бұзушылықтарға немқұрайлықарамауға, қоғамдық орындарда бұзушылық жасамауға, Қазақстан Республикасы заңнамаларын бұлжытпай сақтауға шақырады.

Петропавл ст. ЖПБ.

## ОҚУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру шеңберінде Петропавл станциясындағы ЖПБ қызметкерлері білім беру мекемелерінің оқушыларымен және студенттерімен, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру және құқық қорғау органдарына деген сенім деңгейін арттыру мақсатында кездесулер өткізіп тұрады.

Мәселен, Булаев станциясындағы ЖПБ бастығының м.а., полиция аға лейтенанты Руслан Әубәкіров және Петропавл ст. ЖПБ есірті қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімшесінің жедел үкілі, полиция аға лейтенанты Жарқын Мақажанов жалпы білім беретін №2 Булаев орта мектебінің 10-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

Кездесу барысында олар жиналғандарды отбасылық-тұрмыстық қатынастар және келіктігі қауіпсіздік саласындағы заңнамадағы өзгерістер мен толықтырулар туралы хабар-

дар етті. Сонымен бірге олар оқушыларға оқу орындарындағы қорқыту, қоқан-лоқы көрсету тақырыптарын, есірті қылмысының алдын алу және оның профилактикасы жайында өңімелеп, лудомания, сондай-ақ киберқылмыспен күрес мәселелерін қозғарды.

Ішкі істер министрлігі қоғаммен серіктестікте өзiрлeгeн 2024-2028 жылдарға арналған қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасының негізгі бағыттарымен таныстырды.

Ішкі істер органдарындағы қызметтің артықшылықтары туралы айтып, болашақта полиция саласында қызмет етем деушілерге, оқуға тусу бойынша келісімі бағдар беру жұмыстарын жүргізді.

Кездесу соңында оқушылар өздерін қызықтыратын сұрақтарға тиянақты, толық қанды жауаптарын алды.

Булаев ст. ЖПБ.

### ЖЕМҚОРЛЫҚ ИНДЕТ - ЖОЮ МІНДЕТ

## АШЫҚТЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Сыбайлас жемқорлық қоғамға теріс әсер етеді. Бұл азаматтардың Үкіметке деген сеніміне нұқсан келтіреді, бизнес-климатты бұзады, экономикалық өсуді баяулатады, әділеттілікті бұрмалайды. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық ресурстарды тиімсіз басқару мен теңсіздікті ынталандыру арқылы қоғамдағы дұрыс емес басымдықтарды ынталандыруы мүмкін.

Алайда, біздің өліміздің билігі бұл құбылыспен күресу және өмірдің әртүрлі салаларында ашықтықты нығайту үшін түбегейлі қадамдар жасауда.

Transparency International есептеріне сәйкес, Қазақстан сыбайлас жемқорлықтың хыяқаралық рейтингіндегі айтарлықтай жоғары орында тұр. Бұл мәселе үлкен назар аударуды қажет ететінін білдіреді.

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі стратегияларының бірі заңнамалық және институционалды реформа болып табылады. Соңғы жылдары сыбайлас жемқорлық қылмыстардың жолын кесу және оларды орындаушыларды жазалау үшін құқықтық негізді нығайтуға бағытталған бірқатар заңдар мен шаралар қабылданды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мамандандырылған органдар мен соттарды құру да осы бағыттағы

маңызды қадам болды.

Тағы бір маңызды аспект - мемлекеттік құрылымдар мен экономикадағы ашықтықты жақсарту. Әкімшілік процестерге электрондық үкімет пен цифрлық технологияларды енгізу сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін азайтуға және шенеуніктердің қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Алайда, осы күш-жігерге қарамастан, сыбайлас жемқорлық проблемасы Қазақстанның тұрақтылығы мен дамуы үшін елеулі қауіп болып қала береді. Институционалды және заңнамалық бағамы нығайту, сондай-ақ азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске белсенді қатысуын арттыру бойынша күш-жігерді жалғастыру қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қоғамның барлық қатысушыларының - Үкіметтің, бизнестің, азаматтық қоғамның көшеңді қаққарасы мен күш-жігерін талап етеді.

Тек бірлескен күш-жігермен ғана осы салада елеулі нәтижелерге қол жеткізуге және өлдік, ашықтық және заңдылық қағидаттары негізінде Қазақстанның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге болды.

Қайрат ОМАРОВ,  
аудан әкімі.

МАМАН КЕҢЕСІ

## ПЕСТИЦИДТЕР МЕН АГРОХИМИЯЛАРЫМЕН УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Өсімдік шаруашылығында минералды тыңайтқыштар, өсімдіктердің өсуін реттегіштер, пестицидтер, дезинфекциялық заттар және басқа химиялық заттар кеңінен қолданылады. Олар жоғары өнім өндіруді және оны сақтауды қамтамасыз етеді. Дегенмен, бұл заттардың барлығы белгілі бір дәрежеде адамдарға және қоршаған ортаға қауіпті. Оларды дұрыс пайдаланбау немесе сауатсыз өңдеу олармен жұмыс істейтіндерге ғана емес, сонымен қатар басқа адамдарға, өсімдіктер мен жануарлар өлеміне, топыраққа және атмосфераға орасан зор, көбінесе орны толмас зиян келтіреді.

Адамдардың улануының негізгі себебі пестицидтер мен агрохимикаттарды дұрыс сақтамау және тасымалдау; оларды қолдану шарттары мен тәртібіне, оның ішінде есер етуші заттың концентрациясына, қолдану жылдамдығына, өңдеу әдісіне, уақыты мен жиілігіне, егін жинау алдындағы күту мерзімдеріне және пестицидтермен өңделген аумақтарға адамдарды тасымалдау үшін енгізу мерзімдеріне қойылатын міндетті талаптарды сақтамау, өсімдіктерді күту жұмыстарын жүргізу; қауіпсіздік ережелерін бұзу. Дәрілік заттар адам ағзасына асқазан-ішек жолдары арқылы (тамақпен бірге) өсірілетін міндетті талаптарды сақтамау, өсімдіктерді күту жұмыстарын жүргізу; қауіпсіздік ережелерін бұзу. Дәрілік заттар адам ағзасына асқазан-ішек жолдары арқылы (тамақпен бірге) өсірілетін міндетті талаптарды сақтамау, өсімдіктерді күту жұмыстарын жүргізу; қауіпсіздік ережелерін бұзу. Дәрілік заттар адам ағзасына асқазан-ішек жолдары арқылы (тамақпен бірге) өсірілетін міндетті талаптарды сақтамау, өсімдіктерді күту жұмыстарын жүргізу; қауіпсіздік ережелерін бұзу.



препараттарға ілеспе құжаттамада көрсетілген залалсыздандыру құралдарының жеткілікті мөлшері болуы қажет.

Пестицидтермен және агрохимикаттармен жұмыс істегенде тамақ жеуге және темекі шегуге болмайды. Бұл тек демалыс кезінде, қолды мұқият жуғаннан кейін, ауыз бен мұрынды шайғаннан кейін ғана рұқсат етіледі.

Пестицидтермен және агрохимикаттармен жұмыс істегенде тыныс алу мүшелерін, көру және тері мүшелерін қорғайтын киім мен жеке қорғаныс құралдарын пайдалану қажет.

Дәрігермен үздіксіз жұмыс істеу ұзақтығы 60 минуттан аспауы керек.

Өсімдіктерді емдеу белгілі бір препаратты қолдану бойынша ұсыныстарда көрсетілген жеке қорғаныс құралдарын міндетті түрде қолданатын, ерте немесе кешке жүргізілуі керек. Препаратты қолдануға сақтық шаралары мен ережелерін, оның ішінде улану кезіндегі алғашқы медициналық көмекті сипаттайтын ыдыс жапсырмасы және қолдану жөніндегі ұсыныстарды болмаған жағдайда өсімдіктерді қорғау үшін пестицидтерді пайдалануға жол берілмейді.

Азық-түлік өнімдеріне арналған ыдыстарды және жұмыс ерітінділерін дайындау үшін азық суды пайдалануға жол берілмейді. Пестицидтерді сақтау кезінде тамақ өнімдерінің ластану мүмкіндігін, сондай-ақ балалардың және үй жануарларының препараттарға қол жеткізуді болдырмау керек. Пестицидтермен және агрохимикаттармен жұмыс істеу кезінде пайдалану шарттарын және қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау қоршаған ортаның улану және ластану жағдайларын болдырмауға көмектеседі.

Егер сіз пестицидтермен улануға күдіктенсеңіз, асқынуды болдырмау үшін медициналық көмекке хабарласуыңыз керек.

Кулсара ӘЛЖАНОВА,  
Мағжан Жұмабаев ауданының  
СЭББ бас маманы.

Сібір жарасы (күйдіргі) – антропоознозды жұқпалы ауру. Аурудың қоздырғышы – бактериялар (*Bacillus anthracis*) болып табылады. Сібір жарасының қоздырғыштары адам мен жануарлардың ағзасынан тыс жерлерде споралар түзуге қабілетті және олар сыртқы ортаның физикалық-химиялық әсерлеріне өте төзімді, қоршаған ортада жүз жылға дейін сақталады.



## СІБІР ЖАРАСЫ АУРУЫНАН САҚ БОЛЫҢЫЗДАР!

Сібір жарасы қалай жұғады? Сібір жарасының адамдарға жұқтырушы көзі – үй жануарлары (ірі қара мал, қой, ешкі, түйе, шошқа, жылқы, бұғы) болып табылады. Адамға аурудың жұғу жолы көбіне жанасу арқылы (малды сою мен өңдеу кезінде немесе мал терісін өңдеуде) және бактерияның спораларымен ластанған тағамдар мен ауыз суын ішкенде жұғады. Сонымен қатар, ластанған топырақты егістікке қолдануға жұғуы мүмкін. Биыл қуаңшылық болуына орай жайылымда шөп тапшы болғандықтан малдар арасында сібір жарасы тіркелуде. Ауру мал және ауру малдың ет өнімдерін қатынаста болғанда ауырады. Ауру адамнан адамға жұқпайды.

Терілік түрінің сепсиске ұласуы сирек кездеседі. Дер кезінде емделмеген жағдайда ауру өлім жағдайымен аяқталады. Аурудың бастапқы кезеңіндегі айтылған белгілер байқалған жағдайда науқас міндетті түрде медициналық көмекке жүгінуі қажет.

Сібір жарасының ең тиімді алдын-алу шарасы — жыл сайын ауруға қарсы егу жүргізу. Ауруға қарсы вакцинацияға ет комбинаттары мен мал сойып, өңдейтін нысандарда, мал шаруашылығында жұмыс істейтіндер, тері-жүн өндеумен айналысатындар, етті тасымалдауға, сақтауға, сұрыптауға, қатысатын адамдар жатады.

Сонымен қатар, егумен үй жануарлары да егіледі. Екпе жүргізу ең тиімді әдіс болғандықтан, жануарларға екпе жұмысын жүргізу керек. Жануарларды егу жұмыстары тегін жүргізіледі. Ет пен ет өнімдерін (соғымнан жілік) тек ветеринарлық дәрігердің берген анықтамасы болғанда ғана алуға болады.

Өлген жануарды тиісті құзырлы мекеме өртеп, жояды. Ауру мал жақтан немесе сойылған орнына басқа жануарларды жіберуге және адамдардың сол жерде жұмыс істеуіне тыйым салынады. Дәрігерге дер кезінде қаралғанда және арнайы емдеу шараларын жүргізгенде дерттен толығымен айығып кетуге болады.

Мүлліха ШИБУЧИКОВА,  
Мағжан Жұмабаев ауданының  
СЭББ бас маманы.

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

## БРУЦЕЛЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ



Бруцеллез – жануарлар мен адамдардың созылмалы ауруы.

Адамдар үшін инфекцияның негізгі көзі – қой, ешкі, ірі қара мал, түйе және бруцеллезбен ауыратын шошқалар болып табылады. Жұқтырудың басты факторларына бруцелла жұқтырған жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат, күтім заттары, жем-шөп, тесек-орын, су, топырақ, адамдардың киімдері жатады.

Шаруашылықтағы ауру басқа шаруашылықтардан жануарларды табынға қосқаннан кейін, малды карантиннің негізгі ережелерін сақтамаған кезде, сау және ауру жануарлардың бірлесіп жаяу кезінде, жұқтырған су кездерін, мал айдау жолдарын мал суару үшін пайдаланған кезде пайда болуы мүмкін.

Бруцеллез ауруының алдын алу үшін барлық меншік нысандарының иелері жануарларды ветеринарлық қызмет мамандарына міндетті эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізу үшін уақыты ұсынылуы, жануарларды ақпараттық жүйелерде уақтылы сәйкестендіруді және тіркеуді жүргізуі қажет. Сиыр, қой, шошқа, жас ауылшаруашылығы жану-

арларын сатып алғанда, ветеринарлық мамандарға жануарларды сатып алу, сою немесе сату туралы хабарлауды ұмытпаңыз. Аурудың таралуын болдырмау мақсатында жылна екі рет бір жылдан асқан ірі қара малдың, қой мен ешкінің барлық басының бруцеллезге диагностикалық зерттеулер жүргізіледі. Диагностикалық зерттеулердің қорытындылары бойынша ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорға диагностикалық зерттеулердің нәтижелері туралы белгі енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы жануарларын күтіп-бағумен және өсірумен айналысатын адамдар бруцеллезге оң жауап беретін жануарларды анықтаған кезде келесіні білуі қажет: Бруцеллез бойынша ветеринарлық іс-шараларды жүргізу тәртібіне сәйкес мал иелері ауру жануарларды оқшаулауға және күнтізбелік 15 күннен аспайтын мерзімде ет комбинаттарына немесе сою пункттеріне санитариялық союға тапсыруға міндетті. Жануарды санитариялық союға жібергеннен кейін, ауру жануар орналасқан үй-жайда ветеринарлық қызмет қызметкерлері үй-жайды одан өрі қазымалды ауылшаруашылығы үшін механикалық тазалауды (көнді, жемді алып тастау) жүргізу қажет.

Құрметті аудан тұрғындары! Бруцеллез – адам мен жануарға ортақ қауіпті ауру. Бруцеллездің қауіпсіздігі мен оның алдын алу шараларын сақтаңыз. Бруцеллезді емдеуден гөрі алдын алу оңай екенін есте ұстаған жөн.

Елена ЯКУНИНА,  
ветеринарлық дәрігер.

ТЖБ БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ

## «ОРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢ»



Өртке адам – орманда отпен жұмыс істегенде және дем алғанда оның бейберекеттілігі себебі болып табылады.

Жайма-шұақ күндер келген соң көбі орманға тынығуға шығады. Алайда адамдардың абайсыздығы, ұқыпсыздығы кейде табиғат үшін жойқын өртке айналуы мүмкін. Біздің өңірге күрғақ және желді климат, шөптесін өсімдіктердің көп болуы тән және де бұл өртің үлкен аумаққа таралуына мүмкіндік береді. Сондықтан өздеріңізден кейін орманда кокасы, бос бөтелкелер қалдыруға болмайды, өйткені күн суыелері бөтелке арқылы қызып, күрғақ шөптің тұтануын тудыруы мүмкін.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі ормандағы өрттердің алдын алу мақсатында аудан тұрғындары мен контактарын өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауы қажеттілігін естеріңізге саламыз:

- өрт қауіпті кезеңінде орман алабында көлік құралдарының болуын және кіруін шектеу;
- өрт қауіпті кезеңде елді мекендердің аумақтарында, орман және дала алқаптарында

Жыл сайын өрт қауіпті кезең басталғанда, қолайлы орташа тәуліктік ауа температурасы орнағанда өртпен жағдай күрт ұшығайды. Өрт кез-келген жерден пайда болуы мүмкін, тек болмашы бір саялау тапса болғаны. Әдетте осы мезгілде жаяпай рұқсатсыз күрғақ шөп пен кокасты жағу, тұрғындардың табиғатқа демалуға шыққан кезде от жағу және темекі шеккенде абайсыздық орын алады.

от жағуға, күрғақ шөпті, кокасы және қалдықтарды өртеуге жол бермеу;

- арнайы бөлінген орындарда ғана дем алу;
- орман алабында жанып тұрған сіреңнен, темекі тұқылынан, ыстық күл және шаныны тастамау;

– орманды тұрмыстық, құрылыс өнеркәсіптік және өзге де қалдықтармен және кокастармен ластамау;

– орманға, қорғалтанын және қогалданырған орман екіпелеріне іргелес жер уақселерінде тұрақты бақылаусыз шөпті күйдірмеу.

Тек өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау және уақтылы орындау өрт қауіпті кезеңде өрттерді және олардың жойқын салдарын болдырмауға мүмкіндік береді.

Темекі шегушілер – ТЕМЕКІ ТҰҚЫЛЫН СӨНДІРҢІЗДЕР!!! Ойлануыңыздаршы, СІЗ бітен мүлкіңіз жойылуына, ал кей жағдайда адам өліміне еріксіз кінәлі болуыңыз мүмкін.

Табиғатты сақтаңыздар, өртпен ойнамаңыздар, ол оны кешірмейді!

Өрт белгілері анықталған жағдайда өрттің орын және мекенжайын көрсете отырып «101» және «112» телефонына қоңырау шалыңыз.

Мағжан Жұмабаев ауданының  
төтенше жағдайлар бөлімі.



17 МАМЫР - БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АҚПАРАТТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

21 МАМЫР - МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

# ҚОҒАМДА ЕРЕКШЕ СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚ



Осыдан алты жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке бірқатар мерекелерге қатысты Қаулыға өзгеріс енгізу туралы тапсырма берген болатын. Оның ішінде 2020 жылдан бастап аталып өтіле бастаған 17 мамыр – байланыс және ақпараттандыру қызметкерлерінің күні де бар. Бүгін байланыс және IT-мамандардың елдің ақпараттандыру саласына қосқан үлесі ерекше бағаланады. Үздіксіз коммуникацияны қамтамасыз ету – бұл күнделікті қажырлы еңбек, озық жабдықтар мен заманауи технологияларды пайдалана отырып, жаңа жобалар және әзірлемелермен жұмыс істеу. Сондықтан да олар ерқашан бір қадам алда.

Қазіргі ақпараттық заманда Қазақстанның көштен қалмай, бәсекеге қабілетті елге айналуы жолында байланыс және ақпараттандыру мамандарының рөлі арта түсті. Олардың қажырлы еңбектері қаншалықты маңызды әрі өзекті екені қазір қарыштап дамыған технологиялар заманында айқын көрініп отыр.

Бүгінгі біздің сөз еткілі отырған осы сала маманы Бахтияр Закиров жайлы айта кетейік. Ол 1998 жылдың 1-ші қараша күні Өзбекстандағы Қарақалпақстан Республикасында дүниеге келген. 2008 жылы қандас бауырымыз Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданына көшіп келіп, отбасымен Булаев қонысына қарасты Медвежка ауылына қоныстанады. 2008-2015 жылдары Медвежка орта мектебінде оқып, кейін 2015-2016 жылдары Булаев қаласындағы Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепте 9 сыныпта білім алады. Мектепте оқып жүрген кездерінде Бахтияр спортпен айналысқанды жаңы қатты сүйген екен. Ол 2012-2013 жылдары бокстан облыстық турнирлерге белсене қатысып, бірнеше мәрте жүлделер атанған жас жігіт. Мәселен, 2012 жылы Петропавл қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы жарыста жүлделі 3-ші орынды қанжығасына байласа, 2013 жылы 55 кг салмақта бағын сынап, қола жүлдемен оралған екен.

Бахтияр Отабекұлы 2016 жылы Булаев қаласындағы кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжине оқуға түсіп, аспазшы мамандығы бойынша білім алады. 2019 жылы оқуын ойдағыдай тәмамдап, диплом

алған жас жігіт сол жылы күзде Отан алдындағы борышын өтеу үшін ҚР Қарулы Күштері қатарына аттанады.

Бір жылдан кейін 2020 жылы әскерден аман-есен келген Бахтияр өзінің қалауымен ауданымыздағы «Қазақтелеком» АҚ аудандық филиалына электромонтер лауазымы бойынша жұмысқа орналасып, қазіргі уақытқа дейін осы салада адал жұмыс атқарып келеді. Байланыс саласының маманы өзі қызмет атқаратын ұйымның қоғамдық өміріне белсене араласып, өзінің жан-жақты адам екенін дәлелдеп жүр. Мысалы, ол 2022 жылы «Қазақтелеком» АҚ жұмысшылары арасында Көкшетау қаласы Шалқар курорттық демалыс орталығында өткен жарысқа қатысып, аудан намысын қорғаған екен. Әріптестерімен бірге турикке тартылу сайысында 3-ші орынға табан тіреп, жүлдемен оралған.

Жалпы Бахтияр әріптестерінің бәрімен жақсы араласып, өзіне жүктелген міндеттерді абиройлы атқарады. Ұйым басшылығы да білікті маманның адамгершілік, адалдық, жауапкершілік сияқты қасиеттерін жоғары бағалап, үнемі сенім артатынын жасырмайды.

Бүгінгі таңда Бахтияр Нұрсұлу есімді қызбен отау құрып, қазір бақытты да баықты гүмбір кешуде.

Ендеше, қашықтықты байланыс арқылы жақындатуға атсалысып жүрген жандардың ел алдындағы еңбектері табысты болып, жұмыстары жаңа қарқынмен жандана беріп тілеп, төл мерекелерімен құттықтаймыз!

Қанат ӨТЕМҮРАТОВ.

20 МАМЫР - ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МЕТРОЛОГИЯ КҮНІ

# «ТҰРАҚТЫ ДАМУ»

20 мамырда «Дүниежүзілік метрология күні» аталып өтіледі, биыл оның ұраны - «Тұрақты даму».

1875 жылы 20 мамырда Парижде «Метрикалық Конвенцияға» қол қойылды. Бұл әр түрлі елдерде өлшеу жүйелерінің бірлігін орнатқан алғашқы халықаралық шарт. Содан кейін оны 17 мемлекет бекітті. Қазақстан Метрикалық Конвенцияға 2004 жылы қосылды.

Биыл ЮНЕСКО әр жылдың 20 мамырын ресми түрде ЮНЕСКО-ның халықаралық күні деп таниды. Бұл атақ ЮНЕСКО-ның ғылым мен білім беру арқылы жақсы өлем құру миссиясына сәйкес келетін метрологияны дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады.

2024 жылы Дүниежүзілік метрология күні кезінде тұрақты жаһандық экономика мен қоршаған ортаны құруға ықпал ететін көптеген өлшеу мүмкіндіктеріне назар аударылады.

Қазіргі өмірді метрология мен өлшемдерсіз елестету қиын. Бірағын стандарттарсыз тәртіп мүмкін емес, нақты өлшемдерсіз прогресс мүмкін емес.

Қазіргі әлем дәл өлшеу арқылы жасалған. Күнделікті өмірімізде біз барлық жерде метрологиямен бетпе-бет келеміз. Қазіргі қоғамның өмірі мен қызметінің барлық аспектілері: денсаулық сақтау, экология мәселелері, ғылымда қажетсінетін жаңа технологияларды дамыту және енгізу, қорғаныс қабілеті, энергетика, спорт, сауда және т.б. айқындаушы дәрежеде өлшемдердің дәлдігіне, бірлігі мен дұрыстығына байланысты.

Метрология адам өмірінің кез-келген салаларындағы теория мен практиканы біріктіреді. Метрологияның маңыздылығын

асыра бағалау мүмкін емес. Арнайы есептеулерсіз ол көлік жүргізбейді, ұшақ ұшпайды. Адамдар азық-түлікті килограмммен, ал сусындарды литрмен сатып алады және оларды қоршап тұрған гажайыпты көруді сирек тоқтатады. Метрология қызметтерін пайдаланушылар-бұл бүкіл халық. Метрология біздің өміріміздің бір бөлігіне айналды және ол неғұрлым дәл, ыңғайлы болса, адам өзін жайлы әрі қауіпсіз сезінеді.

Дүниежүзілік метрология күні-метрологтардың кәсіби мерекесі. Іс-шараға қызметтің осы бағытына қатысы бар барлық адамдар қатысады. Олардың қатарына Метрологтар, инженерлер, Өлшеу техникасының жабдықтарын өндірушілер, көмекші персонал, оқытушылар, студенттер, бейінді оқу орындарының түлектері кіреді.

Сауда және интеграция министрілігі Техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша департаменті барлық метрологтарды, ардагер – метрологтарды және метрология саласындағы білікті мамандардың жаңа буынын, сондай-ақ метрологияға қатысы бар барлық адамдарды кәсіби мерекелерімен құттықтайды. Сіздерге алға қойған мақсаттарыңызға қол жеткізуде табыс, зор денсаулық, бақыт пен амандық, ертеңгі күнге деген сенімділік тілейміз.

Азамат ҚАРИМОВ,  
ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша департаментінің бас маманы – СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Елімізде 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні болып бекітіліп, кәсіби мереке ретінде 2013 жылдан бері аталып келеді. Бұл – шығармашылық адамдарына деген айрықша құрметтің белгісі және әрбір мәдениет қызметкері үшін ерекше күн. Әсіресе, туған жерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын одан әрі жақсаруы мен мәдени-рухани кемелденуі мақсатында халықты өрелі өнермен сусындатып, игі дәстүрлерді жалғастыруға үлкен үлес қосып жүрген өнерпаздар баршылық. Солардың бірі – аудандық Мәдениет үйінің аккомпаниаторы Руслан Өмірзақов.



# ТАЛАНТЫМЕН ТАНЫЛҒАН ӨНЕРПАЗ

Кейіпкерімізді ауданда танымайтын адам жоқ шығар, дегенмен, ол туралы сыр шертіп, жақынырақ танысуды жөн көрдік. Өнер адамы үшін қанмен келген қасиеттің, аның ақ сүтімен, әлдімінен дарыған ән ырғақтарының берер әсері ерекше ғой. Русланға өнер ата-анасынан дарыды десек, қателеспейміз. Ол бұрынғы Возвышен ауданы Ұзынқол ауылында 1976 жылы 5 шілдеде дүниеге келген. Әкесі Серік Мұхаметжанұлы өнерден кенде емес, кезінде облыс орталығындағы музыкалық училищені бітіріп, Ұзынқол ауылдық клубының директоры болған. Ол аккордеонда керемет ойнағандықтан ауыл-аймақта өтетін мерекелік іс-шаралар мен той-домалақтар оның қатысуысыз өтпейді екен. «Әке көрген оқ жонар» демекші, Руслан жастайынан өнерге жақын жүріп, анасының салған әсем әндерін естіп өсіп, әкесі сатып алған кішкентай аккордеонымен ойнап үйрене бастайды.

Осылайша, ол 9-шы сынып бітіре сала, өкесінің аманатымен Петропавл қаласындағы өнер колледжіне оқуға түседі. Бұл жерде «Әке аманаты» деп отырағанын, 1992 жылы мектеп бітірген кезде Русланның әкесі өмірден өтеді. Ал анасы Жонина болса, 1981 жылы дүниесі салған екен. 5 жасында анасынан, 16 жасында өкесінен жетім қалған жас балаға оңай болмағаны түсінікті. Бұл өмірде оған жанашыр әрі сүйеніш болған туған әпкесі Жұлдыз ғана. Әрине, ағайын-туыстары да қолдап, барышына қол созғаны анық, десек те, ата-ана орын тым бөлек. Осы ретте қосармын, Русланның әкесі екінші рет үйленіп, Мәлікә апамызбен шаңырақ құрады. Осы күнге дейін апамыз ұлы Азаматпен бірге Русланға қолқанат болып жүр. Ол да өз кезегінде бес жасынан тәрбиеленген анасына, бірге өскен ағасына айтар алғысы шексіз.

Одан әрі жалғастыратын болсақ, жастайынан тағдырдың төлкегіне талай түскен жас жігіт алдынан шыққан қиындыққа еш мойымай, 4 жыл бойы білім алып, дипломға қол жеткізеді. Содан 1996 жылы туған ауылына оралып, бір жыл ауылдық Мәдениет үйін басқарады. Ал 1997 жылы Возвышен аудандық Мәдениет үйіне аккомпаниатор болып ауысады. Мұнда да бір жылдай еңбек етіп, 1998-2000 жылдары ҚР Қарулы Күштері қатарында Отар елді мекенінде әскери борышын өтейді. Әскерде жүріп Руслан Серікұлы әскери бөлімнің қоғамдық өміріне де белсене араласып, бөлімше командирі, взвод командирінің орынбасары лауазымдарын абыроймен атқарып, үйге аға сержант әскери атағымен оралады.

Әскерден оны туған әпкесі қарсы алып, өзі тұратын Тайынша ауданындағы Киров ауылындағы орта мектепке ұстаздық қызметке шақырады. Осылайша, мектепте әңкүйден сабақ берген кейіпкеріміз

сахнаны аңсап, 2003 жылы Булаев қаласындағы аудандық Мәдениет үйіне концертмейстер болып жұмысқа қабылданады. Сүйікті ісіне оралған Руслан Өмірзақов ерекше шабытпен еңбек етіп, 2012 жылы Возвышенка ауылында құрелі жөндеуден өткен Мәдениет үйіне музыкалық жетекші болып тағайындалады. Мұнда ол зейнеткерлердің басын қосып, «Юноние сердица» вокалды тобын құрады. Сонымен бірге, Ұзынқол ауылына барып жұмыс істеп, онда да «Калина красная» атты әжелерден құралған топ құрады. Осылайша, Руслан Серікұлы округтердің модеништығармашылық саласына өзі серіп беріп, ауылдағы көркемөнерпаздар бар өнерлерін паш ете бастады. Аталған топтарға жетекшілік етіп, аккордеонмен сүйемелдеген таланты өнерпаз талай мәрте ел алғысына бөленді. Руслан Өмірзақов сахнаға жеке шығып та өнер көрсетіп, талай рет аудандық және облыстық байқауларға қатысқан. Жұлделері де жоқ емес.

Өнер - адамның жанынан жасалатын болғандықтан өнерпаздың бірде босендейтін, бірде шарықтайтын кезі болады. Сондықтан мақаламызға арқау болған көркемөнерпазымыз Руслан да өнерден сәл алыстап, біраз жыл қол үзді. Содан кейін қайта оралғандай болып, «Насыр» мейрамханасында бірнеше жыл еңбек етті. Дегенмен, «...сүрінбейтін тұяқ жоқ» дейді дана халқымыз. Осыдан екі жыл бұрын Руслан Серікұлы аудандық Мәдениет үйіне қайта оралып, қазір аккомпаниатор болып қызмет атқарады. «Ақ жаулық» әжелер клубының жанынан ашылған «Аманат» вокалды-аспапты тобына аккордеонмен сүйемелдеп, ұлттық мәдениет пен өнердің дамуына өз үлесін қосып келеді. Оның қоныр үнін әрбір мағжандық таниды, сахнада жекелей де, дүзтпен, триомен, квартетпен де салған әндерін ерекше ықылас қойып тыңдайды. Бүгінгі таңда Руслан Өмірзақовтың ел құрметпен, ерекше бағалайтынын көріп жүрміз. Сол себепті, оның ел сенімін ақтап, аудан тұрғындарын әлі талай жиы құанышқа бөлетініне сенімдіміз.

Өркениетті ұлт, ел алдымен, тарихымен, өнерімен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлесімен танылып, бағаланады. Сондықтан отандық мәдениет пен өнердің дамуына, рухани байлығымыздың еселене түсуіне өлшеусіз үлес қосып жүрген барша мәдениет қызметкерлеріне зор алғыс айтамыз.

Айтулы күні Мағжан елінің барша мәдениет және өнер қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтай, мәдениетіміздің қазынасына қосқан шығармашылықтарына шалқар шабыт, отбасыларына амандық тілейміз!

Еркін ТОЛЕГЕН.



# АУДАН ТАРИХЫНАН СЫР ШЕРТЕТІН МУЗЕЙ

**18 мамыр - Халықаралық музей күні. Халықаралық музейлер кеңесі бұл атаулы күнді 1977 жылы бекіткен. Халықаралық музейлер кеңесі дүниежүзінің музей ісі мамандары 1946 жылы құрған болатын. Ғылыми мақсаты - табиғи және мәдени жәдігерлерді сақтап отырып, өткен мен келешекті байланыстыру, халықтар арасында өткен заманның мұраларын танытпал ету. Музей арқылы кез келген қозғалып жатқан тарихи-мәдени мұраларға деген көзқарасын, құрметін білдіреді. Есте жоқ ескі замандардан қалған рухани және материалдық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтап отырып, музейлер арқылы деңгейдегі ғылыми-азарту, білім, тәрбие ісін жүргізеді.**

Біздің ауданда екі музей бар: Сарытомар ауылындағы Мағжан Жұмабаев музейі және Булаев қаласындағы аудандық тарихи-өлкетану музейі. Бүгін біз екінші мұражайға тоқталатын боламыз.

Тарихқа көз жүгіртсек, аудандық тарихи-өлкетану мұражайы 2011 жылы қараша айында ашылып, 2012 жылдың қаңтарынан бастап толық жұмыс істей бастаған. Жүз жылдық тарихы бар, бұрын мектеп болған ғимарат алдымен күрделі жөндеуден өтіп, келушілер үшін қолайлы жағдай жасалған. Алғашқы директоры - Гүлфира Рамазанова. Оның тырнақтап жүріп жинаған жәдігерлері бүгінге дейін сақталған. Одан кейін бір жылдай Сергей Неретин директор болды. 2015 жылдан қазіргі уақытқа дейін

мұражайды Серік Жұмағұлов басқарып келеді.

Музей қорына келетін болсақ, алғашқы жылдары көп толыққан, қазір оның саны 3 мыңнан асқан. Мұражайда этнографиялық коллекцияларға, кеңестік кезең тарихына, ауданның тамаша табиғатына, «Поэзия жұлдызы - Мағжан» атты Мағжан Жұмабаевқа және әртүрлі тақырыптағы көрмелерге арналған барлығы бес зал бар.

- Алдыңғы төрт залдағы экспозициялар тұрақты болса, көрме залы үнемі бөздендіріліп отырады. Мәселен, өткен жылы біздің музей «Алтын ұрпақ» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының тәрбиеленушілеріне «Сағындым» пленэрін ұйымдастырып, жерлес ақын Мағжан

Жұмабаевтың туған жері Сасықкөлге, Сарытомар ауылында орналасқан ақын музейіне сапар шекті. Ақынның туған жерін өз көзімен көріп, киелі орынмен етене танысқан жас суретшілер кейін он шақты картина салды. Биыл аудандық білім бөлімінің қолдауымен киелі өңір - Айыртау ауданында орналасқан Сырымбет ауылына, Айғаным қыстауына, Ағынтай-Қарасай батырлар кесенесіне, Ботай қонысына бару жоспарда бар. Бұл маңызды шараға белгілі кәсіби суретшілер Айдарбек Қардыров пен Валерий Форшты, атақты қолөнершілер Қанат Исеков пен Николай Ковалевті тарта отырып, Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебінде, Медвежка, Таман, Құралай, Надежка, Қарақоға, Батыр Баян атындағы мектеп-гимназия-



сы сияқты білім ордаларында оқитын жас өлкетанушылар мен білікті ұстаз Марина Лычко тәрбиелейтін дарынды суретшілерді экскурсияға апару жоспарланған. Осы сапар аясында тағы да жиырма шақты картина дүниеге келеді деген сенімдеміз, - дейді Серік Тұрарұлы.

Оның айтуынша, музей өскелең ұрпақпен тығыз қарым-қатынас жасап, әртүрлі іс-шаралар арқылы оқушылардың туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыруды, өңір тарихын білуге дәріптеуді, еліміздің киелі жерлерін тануға насихаттауды мақсат етеді.

Жалпы осы бағытта Серік Жұмағұловтың атқарып келе жатқан еңбегі зор. Мәселен, оның бастамасымен облысымызда алғашқы рет жас өлкетанушылар байқауы ұйымдастырылып, өткен жылы ол Булаевта екінші рет өтті. Жалпы облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен өтетін бұл байқауға облысымыздың түкпір-түкпірінен көптеген жас өлкетанушылар қатысады. Екі жылда бір рет ұйымдастырылатын байқауда оқушылар тарихи деректерге сүйене отырып, өзінің туған жері туралы ғылыми еңбек жазады. Осылайша, облысымызда ұмытылып қалған елді мекендердің, жер-сулардың, тау-төбелердің атаулары қайта оралып, жаңғыруда. Бұл өз кезегінде қазір жүргізіліп жатқан ономастикалық комиссиялардың жұмысына да оң септігін тигізуде.

- Жас өлкетанушылар байқауын республика көлемінде біз алғашқы рет ұйымдастырдық. Керемет өтті. Көптеген тың деректер мәлім болды. Сондықтан бұл жұмысты одан әрі дамытуға бел будық. Демеушілер іздеп, оқушыларды ынталандыру мақсатында марапаттар жасап отыруды дәстүрге айналдырдық. Жалпы болашаққа бағытталған жоспарлар көп. Соның бірі - алдағы уақытта қаражат болған жағдайда, ауданның киелі жерлерінің картасын жасау. Бүгінгі таңда киелі жерлер картасына ауданымыздан Сарытомар ауылында орналасқан Мағжан Жұмабаевтың музейі мен Ноғайбай ауылындағы Ноғайбай би мазары енген.

Біздің өңірімізде халқымыздың тарихында ойып тұрып орын алатын киелі жерлер аз емес. Оларды зерттеу үшін үлкен ғалымдарды тарту қажет. Сол себепті, ауданымыздан «Қазақстанның киелі жерлері картасына» енгізуге тұрарлық орындар бар екені сөзсіз. Бұл бағыттағы жұмыстар, әрине, жалғасатын болады, - дейді музей директоры.

Дәстүр демекші, аудандық тарихи-өлкетану мұражайы көршілес Омбы қаласында тұратын Шоқан Уәлиханов атындағы орыс-қазақ достығы орталығының төрағасы, Шоқан Уәлиханов және Мағжан Жұмабаев атындағы стипендиялар тағайындаған меценат, әскери іс-қимылдар ардагері, запастағы майор - Махаббат Көптуровпен және Омбы мемлекеттік педагогикалық университетіндегі академиялық кескіндеме және сурет кафедрасының профессоры, Ресей суретшілер Одағының мүшесі, көршілес елдегі беделді кескіндемешілердің бірі - Гейман Баймұхановпен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатқан. Музейде олардың сыйға тартқан бағалы сыйлықтары мен картинасы бар.

Музей - бұл халықтың жүздеген құпиясын сақтайтын біздің жадымыз бен мәдениетіміз. Бүгін біз кәсіби музей қызметкерлерін, сонымен қатар музеймен байланысты қызмет түрлерін атқарып жүрген тұлғаларды шын жүректен музей күні мерекесімен құттықтаймыз.

Музей қоры молайып, жаңа келушілермен толығып, жаңа білім мен жаңа жетістіктеріңіз арта берсін дейміз.

Еркін ТӨЛЕГЕН,  
суреттерді түсірген автор.









Дүйсенбі, 20 мамыр	Сейсенбі, 21 мамыр	Сәрсенбі, 22 мамыр	Бейсенбі, 23 мамыр	Жұма, 24 мамыр	Сенбі, 25 мамыр	Жексенбі, 26 мамыр
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д.Ф. 06.30, 04.10 ТІРШЛІК. 07.00 ТАНШОЛПАН. 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 13.20, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 АҚОРДА. 15.30 ІНЖУ-МАРЖАН. 15.15 АПТА. 16.05 Т/Х «ҚАНАТСЫЗ КҮСТАР». 20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.10 Д.Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 07.00 ТАНШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 13.20, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 АҚОРДА. 15.30 ІНЖУ-МАРЖАН. 16.05 Т/Х «ҚАНАТСЫЗ КҮСТАР». 20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «СҮНҚАР». 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.10 Д.Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 07.00 ТАНШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «СҮНҚАР». 13.20, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚИСЫ. 16.05 Т/Х «ҚАНАТСЫЗ КҮСТАР». 20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.10 Д.Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 07.00 ТАНШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «СҮНҚАР». 13.20, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 ОТАНДАСТАР. 16.05 Т/Х «ҚАНАТСЫЗ КҮСТАР». 20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д.Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.35 АҚПАРАТ. 07.00 ТАНШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «СҮНҚАР». 13.20, 03.05 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 ТҮЛІҒА. 15.50 ДАЛА ДӘМІ. 16.05 Т/Х «ҚАНАТСЫЗ КҮСТАР». 20.30, 01.10 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 STRANGER. 00.00 PARASAT MAIDANY. 02.00 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.15 Д.Ф. 06.30, 17.00 АҚПАРАТ. 07.00, 03.05 ЗИНЬАР. 07.45 «АЛТЫН КАҚПА». 08.30, 02.35 ШАҢЫРАК. 09.00, 17.40 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 09.30 «САҒАДАТ САЛҒАН ЖОЛ», Д.Ф. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00, 01.05 ТЕЛЕДӘРІТЕР. 13.00 КОНЦЕРТ. 14.40 «АМАНАТ», Х/Ф. 17.20, 01.55 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 20.00 ЕГІЗ ЛЕБІЗ. 21.45 Т/Х «МАҒЖАН. МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН...». 23.30 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 00.00 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ». 03.55 «КҮМІС КӨМЕЙ».	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.30 Д.Ф. 06.30 ШАҢЫРАК. 07.00 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ». 07.45 «АЛТЫН КАҚПА». 08.30 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». 14.00 ӘЗІЛ ӘЛЕМІ. 14.50 Ш. ҚАЛДЫАҚОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН КЕШ. 17.05 «ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚИСЫ». 20.00, 02.30 АПТА. 20.50, 03.20 АҚОРДА. 21.00 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 21.45 Т/Х «МАҒЖАН. МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН...». 23.30 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 00.00 «QAZAQSTAN ДАУЫСЫ». 03.55 «КҮМІС КӨМЕЙ».

Дүйсенбі, 20 мамыр	Сейсенбі, 21 мамыр	Сәрсенбі, 22 мамыр	Бейсенбі, 23 мамыр	Жұма, 24 мамыр	Сенбі, 25 мамыр	Жексенбі, 26 мамыр
<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>
05.00 «ПИСЬМА К ДЖУЛБЕТТЕ», Х/Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 10.25 КҮНДЕЛІК. 10.30 М/Ф. 11.45 М/Ф «МЕГАМАТО». 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 15.00, 21.45 Т/Х «ҰЛБОЛСЫН». 16.00, 23.30 Т/Х «НАУЧИ МЕНЯ ЖИТЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВ-ТЕР». 07.00 ОЯН. 10.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 10.25 КҮНДЕЛІК. 10.30 М/Ф. 11.45 М/Ф «МЕГАМАТО». 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 15.00 Т/Х «ҰЛБОЛСЫН». 16.00, 23.30 Т/Х «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВ-ТЕР». 07.00 ОЯН. 10.00 НЕОСЕТЬ. 10.20 КҮНДЕЛІК. 10.25 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 15.00, 21.45 Т/Х «ТАСҚЫН». 16.00, 23.30 Т/Х «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВ-ТЕР». 07.00 ОЯН. 10.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.35 КҮНДЕЛІК. 10.40 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 15.00, 21.45 Т/Х «ТАСҚЫН». 16.00, 23.30 Т/Х «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВ-ТЕР». 07.00 ОЯН. 10.00 КУЛЬТУРНЫЙ ОДЫХ. 10.20 КҮНДЕЛІК. 10.25 Д/Ф. 10.50 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 15.00, 21.45 Т/Х «ТАСҚЫН». 16.00 Т/Х «УЛЫБКА ПЕРЕСМЕШНИКА». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕРЕС. 23.15 «ВОЛНА», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 09.30 ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ. 10.00 М/Ф. 11.15 М/Ф «МОНСИКИ». 12.00 «ВОЛНА», Х/Ф. 14.00 ХХІ ФАСЫР КӨШБАСШЫСЫ. 15.00 АЛҒАШҚЫ. 16.00 Т/ «КЕЛІНЖАН». 19.00 БЕС ЖҰЛДЫЗ. 21.00 7 КҮН. 21.40 СПЕЦ РЕПОРТАЖ. 22.10 «АПЫЛАЮЩЕЕ МОРЕ», Х/Ф. 00.10 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 09.30 «ҚАЗАК ЕЛ», Д/Ф. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «МОНСИКИ». 12.00 «РАЗЛОМ», Х/Ф. 14.00 ӘКЕ КӨРГЕН. 14.45 БЕС ЖҰЛДЫЗ. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.30 КЫЗЫК TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 СПЕЦ РЕПОРТАЖ. 22.10 «АПЫЛАЮЩЕЕ МОРЕ», Х/Ф. 00.10 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 20 мамыр	Сейсенбі, 21 мамыр	Сәрсенбі, 22 мамыр	Бейсенбі, 23 мамыр	Жұма, 24 мамыр	Сенбі, 25 мамыр	Жексенбі, 26 мамыр
<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>
06.00 Т/С «КОНЕЦ ПАРАДА». 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 «ВЕЧНАЯ ЖИЗНЬ АЛЕКСАНДРА ХРИСТОФОРОВА», Х/Ф. 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.35 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-2». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/С «КОНЕЦ ПАРАДА». 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА». 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.20 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-2». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/С «КОНЕЦ ПАРАДА». 07.00, 03.35 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА». 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.20 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-3». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/С «КОНЕЦ ПАРАДА». 07.00, 03.35 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА». 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.20 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «КРЕПКИЕ ОРЕШКИ-3». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/С «КОНЕЦ ПАРАДА». 07.00, 03.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА». 14.00, 01.15 НОВОСТИ. 14.15, 01.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 01.45 КӨРЕМІЗ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «ЛОМАННЫЕ ЛИНИИ».	06.00, 03.15 ТАМАША CITY. 08.10, 02.30 «П@УТИНА». 08.20 ПРОУЮТ. 10.20 «ПИКНИК», Х/Ф. 14.20 «ДОМ-ФАНТОМ В ПРИДАНОЕ», Х/Ф. 18.30, 02.00 АЙНА. 19.00 «РОКОВОЕ СМС», Х/Ф. 20.45 «СЕМЕЙНЫЙ ПОРТРЕТ», Х/Ф. 00.15 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.45 ТАМАША CITY. 07.45, 02.00 «П@УТИНА». 08.40 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.50 ПОЕХАЛИ! 09.45 ҚАЙМАҚ. 10.20 «ПИКНИК», Х/Ф. 14.20 «САКВОЯЖ СО СВЕТЛЫМ БУДУЩИМ», Х/Ф. 18.30 «ОТТЕПЕЛЬ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «ТРОСТИНКА НА ВЕТРУ», Х/Ф. 00.20 «ТРИ АККОРДА».

- Отан — елдің анасы, ел — ердің анасы  
- Отанды сүю — от басынан басталады.  
- Ел іші — алтын бесік.  
- Отансыз адам — ормансыз бұлбұл.  
- Туған жердің ауасы да шипа.





РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ

Жазғы демалыс кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, озық педагогикалық тәжірибені анықтау және тарату мақсатында «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру бөлімімен бірлесіп 10 мамыр күні «Жазғы демалыс кезінде балалардың демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуының үздік бағдарламасы» республикалық байқауын өткізді.

**МҰРАТ ОРТАМЫШЕВ -**  
**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ**



Байқауға еліміздің аудандық және облыстық кезеңдерінде жеңімпаз атанғандар қатысты. Бағдарламалар бірнеше бағытта ұсынылды:

- ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие, рухани-адамгершілік және азаматтық тәрбие;
- оқу демалысын ұйымдастыру, көркемдік-эстетикалық дамыту;
- оқу қызметін әдістемелік қамтамасыз етудің инновациялық моделі;
- дене шынықтыру және спорт, туризм және оқтату, сауықтыру.

Байқаудың қазылар алқасының шешімімен Солтүстік Қазақстан облысы атынан қатысқан Мағжан Жұмабаев ауданындағы «Березка» балалар сауықтыру лагерінің директоры Мұрат Ортамышев I-ші дәрежелі дипломмен және арнайы сертификаттармен марапатталды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ВОЛЕЙБОЛ

**«АҚ БИДАЙ – 2024» ЖАЗҒЫ СПОРТ**  
**МЕРЕКЕСІНІҢ ФИНАЛЫНА ШЫҚТЫ**



10-12 мамыр аралығында Шал ақын ауданында «Ақ бидай - 2024» облыстық жазғы спорт мерекесі аясында волейболдан аймақтық іріктеу жарысы өтті.

Жарыстың алғашқы күні біздің команда Мамлют ауданының құрамасымен кездесіп, 3:0 есебімен сенімді жеңіске жетті, содан кейін Уәлиханов ауданының волейболшыларынан да басым түсті.

Соңғы ойында мағжандық қыздар алаң иелерімен кездесіп, тартысты ойын өрнегін көрсетті. Соның нәтижесінде біздің спортшылар шалақындқтарды 2:1 есебімен ұтып кетті. Осылайша, өз тобында бірінші

орын алған мағжандық волейболшылар биыл жазда Есіл ауданында өтетін «Ақ бидай - 2024» жазғы спорт мерекесінің финалына шықты.

Мағжан Жұмабаев ауданының құрама командасын айтулы жетістігімен құттықтап, облыстық жарыста тек жеңіс тілейміз!

Мағжан Жұмабаев ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі.

**ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**  
**Құрметті «Мағжан жұлдызы» газетінің оқырмандары!**

Сіздерге 2024 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатқанын хабарлаймыз.

Газетке аудандық пошта және газет редакциясында жазылуға болатынын еске саламыз.

Газетке жарты жылға жазылу бағасы - 990 теңге.

Анықтама телефоны: пошта - 2-17-80; редакция - 2-21-35.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР**  
**ХҚҚО-ҒА КЕЗЕКТІҢ**  
**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТАЛОНДАРЫН**  
**АЛУДЫ ЖӨН КӨРЕДІ**

Кезектің электрондық талондарын алу сервисі 2022 жылдың сәуір айында енгізілді, өткен жылы 60 мыңнан астам талон алынған. Соңғы 5 айда бұл көрсеткіш айтарлықтай өсті. 2023 жылдың желтоқсанында пайдаланушылар 3 мыңға жуық талон алса, ал сәуірде – 12 жарым мыңнан астам талон алынған.

Айта кетейік, кезектің электрондық талонын «ХҚҚО» қосымшасы арқылы ресепшн бағанындағы QR-кодты сканерлеу арқылы алуға болады. Ол үшін қосымша арқылы халыққа қызмет көрсету орталығына алдын ала онлайн брондау рәсімделуі қажет. Сондай-ақ, қызмет екінші деңгейлі банктік қосымшаларының бірінде қолжетімді.

«Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызмет көрсетуді цифрландыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Бүгінгі таңда көптеген қызметтерді үйден шықпай-ақ онлайн режимінде алуға болады. Егер тек ХҚҚО-да көрсетілетін қызмет болса, онда кезекті алдын ала брондап, жазылған уақытта келуге болады. Бұл жағдайда ресепшендегі

маманға жүгінудің қажеті жоқ. Азамат кезектің электрондық талонын өз бетінше ала алады. Осылайша, сіз көрсетілетін қызметті алушылардың уақытын ғана емес, сонымен қатар талондарды шығаруға кететін қағазды да үнемдей аласыз», - деді Мемлекеттік корпорацияның Басқарма Төрағасы Арман Кенжеғалиев.

Электрондық талондарды жиі қолданатын үш ХҚҚО Алматы қаласының Медеу ауданында, Түркістан облысының Сайрам ауданында және Қарағанды қаласының Чкалов көшесінде орналасқан.

2024 жылы «Азаматтарға арналған үкімет» «ХҚҚО» мобилдік қосымшасын қолдану тәжірибесін талдап, оны клиенттерге ыңғайлы болу үшін қайта өзгертуге ниетті. Қазіргі уақытта қосымшаның негізгі функциялары – кезекті электронды брондау және ХҚҚО операторының бейнеқоңырауы арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсету болып табылады.

**59 МЛРД ТЕНГЕ:**  
**ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ**  
**ЗЕЙНЕТАҚЫ ШОТЫНА ЖҰМЫС**  
**БЕРУШІЛЕРДЕН АЛҒАШҚЫ**  
**ЖАРНАЛАР ТҮСТІ**

«Азаматтарға арналған үкімет» 2024 жылдың төрт айында 59 млрд теңге мөлшерінде 1,7 млн төлем өндеді. Бұл сома биыл алғаш рет енгізілген жаңа төлемнің – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының сомасы.

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары 1975 жылдың 1 қаңтарынан кейін туылған әр қызметкер үшін табысының 1,5% мөлшерінде төленеді. Жарна алдымен «Азаматтарға арналған үкіметтің» шотына түседі. Мемлекеттік корпорация Әлеуметтік Кодекстің 17-бабына сәйкес өр салымының барлық зейнетақы жарналарының есебін жүргізеді. Содан кейін ЖБМЗЖ сомасы үш жұмыс күннің ішінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы шартты зейнетақы шоттарына аударылады.

ЖБМЗЖ-ның он пайыздық зейнетақы жарналарынан (МЗЖ) айырмашылығы - бұл сома қызметкердің меншігі болып есептелмейді, капиталдандырылмайды және мұра ретінде қалдырылмайды.

Шартты жинақтар - зейнетақы жүйесіндегі қосымша деңгей. Зейнетақының бір бөлігін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарынан алу үшін жүйеге қатысу өтілі 5 жылдан кем болмау керек. Бұл ретте жинақталған ЖБМЗЖ-ның біржолғы төлем сомасы 2 ең төменгі күнкөрсет деңгейі мөлшерінен аспауы тиіс.

Айта кетейік, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша түсім сомасы 833 млн теңгеден асады.

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ баспасөз қызметі.

<p>Директор - бас редактор Нелә ГОИЧАР</p> <p>Газеттің мәмлкі иесі: «Газета «Весты» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Бағдар Бағи көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49.</p> <p>Баспадан үндесеңіз 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan Juldzyz» газеті редакцияда теріні беттеседі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петрова к., Кокшетау к-сі, 5 үй). Тарауымыз - 680</p>	<p>Газет аудан өкілдерінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық сипаттағы жүргізуші ретінде баспахананың табылады.</p>
---	--	--	---	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғалжабалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, ренесияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.